3. «Физика саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы студенттерді болашақ академиялық мақсаттар үшін докторантура бағдарламасы бойынша окуын жалғастыратын немесе талдау орталықтарында, коммерциялық емес және үкіметтік ұйымдарда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық компанияларда немесе мемлекеттік секторда өнеркәсіpte кәсіби мансапқа аудисатын білікті физиктер ретінде даярлауға арналған. Студенттер физика заңдары, практика әдістері бойынша терең және жүйелі білім алды және осы заңдарды нақты құбылыстар мен инженерлік қосымшалар, сондай-ақ 21-ші ғасырдың технологиялық экожүйесі, оның ішінде технологиялық инновациялар мен кәсіпкерлік тұрғысынан айқындау және пайдалану қабілетін дамытады. Түлектер зерттеу жобасының пәндеріне сәйкес келетін озық талдамалық, математикалық, есептеу немесе эксперименттік дағдыларға ие болады деп күтілуде. Олар халықаралық зерттеу ортасымен де танысып, ғылыми коммуникацияның мықты дағдыларына ие болады деп күтілуде. Бағдарлама ОПК тәжірибесі мен зертханалық ресурстарды пайдалана отырып әзірленген.

Магистратура бағдарламасы НУ магистратура бағдарламаларының шенберіне сәйкес әзірленген. Бағдарламаның түлектері озық зерттеу дағдыларына ие болады, бұл оларға коммуникация саласындағы өзекті және маңызды мәселелерді зерттеуге және Қазақстанда да, сол сияқты шет елде де әртүрлі технологиялық және серпінді экономикалық ортаға үдайы елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.



4. «Қолданбалы математика саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы студенттерді сандық модельдеу, статистикалық талдау, деректерді шығару және есептеуіш механикасы саласындағы озық теория мен практикалық білім саласында терең білімі бар кәсіби қолданбалы математиктер ретінде даярлауга арналған. Студенттер инженерлік модельдеу, деректерді зияткерлік талдау және статистикалық талдау саласындағы заманауи есептеу дағдылары туралы жүйелі білім алады. Тұлектер олардың зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес келетін озық математикалық, статистикалық және есептеу дағдыларына ие болады деп күтілуде. Бұдан басқа, олар пәнаралық сандық модельдеу, статистикалық есептеу және автоматтандырылған жобалау ортасы дағдыларын дамытады, сондай-ақ ғылыми коммуникация дағдыларын менгереді. Бағдарлама оқытушылардың тәжірибесі мен ЖӘГФМ есептеу ресурстарын пайдалануға арналған. Бағдарламаның тұлектері Қазақстанда да, сол сияқты шет елде де әртүрлі технологиялық және серпінді экономикалық ортаға өз үлесін қосуға мүмкіндік беретін озық зерттеу дағдыларына ие болады.

120 ECTS кредитінен тұратын екі жылдық бағдарлама НУ магистратура бағдарламаларының шеңберіне сәйкес әзірленген.

5. «Биология ғылымдары мен технологиялар саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы Қазақстан Республикасының басым ғылыми-техникалық қажеттіліктеріне сәйкес келетін өмір туралы ғылымдар саласындағы тез дамып келе жатқан пәнаралық мамандық болып табылады. Тұлектер болашақ академиялық мақсаттар үшін докторантурасы бойынша оқуын жалғастырады немесе заманауи биологиялық, мемлекеттік, фармацевтикалық және биотехнологиялық компанияларда кәсіби мансаппен айналысады деп күтілуде. Бағдарламаны көлемі мен құрылымы бойынша жетекші халықаралық академиялық институттардағы қолжетімді бағдарламалармен салыстыруға болады. «Биология ғылымдары мен технологиялар саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы мақсатты пән бойынша озық оқытуды қамтамасыз етеді және Қазақстанда жұмыс істеп тұрған, сол сияқты күтілетін өнеркәсіп салаларында да үлкен сұранысқа ие өмір туралы ғылымдар саласындағы заманауи жоғары білікті мамандарды даярлайды. Бағдарлама биоинформатиканы және жетік статистикалық талдауды қоса алғанда, өмір туралы заманауи ғылымдардың маңызды салаларында қолданбалы және озық білім береді. Сонымен қатар, бұл студенттерге еңбек нарығында оларға бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ете отырып, әдістемелер мен құралдардың әртүрлі үлгілерімен нақты жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Бағдарламаның қолданбалы зерттеулерге бағытталуы бағдарламаға өнірлік және шетелдік студенттерді тарта алады.

120 ECTS кредитінен тұратын екі жылдық бағдарлама НУ магистратура бағдарламаларының шеңберіне сәйкес әзірленген.

6. «Химия саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы студенттерді химияның әртүрлі салаларында озық теория мен практикалық білімдерді терең менгерген кәсіби химик ретінде даярлауға арналған. Тұлектер оқуын болашақ академиялық мақсаттар үшін докторантурасы немесе мұнай өнеркәсібі,



фармацевтикалық компаниялар, тамақ өнеркәсібі зертханаларындағы кәсіби мансапта жалғастырады немесе Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібін құру және дамыту бойынша күш-жігерге қосылады деп күтілуде. Студенттер химияның негізін қалаушы қағидаттары туралы терең және жүйелі білімдер алады және бір мезгілде кәсіпкерліктің дамуына ықпал ете отырып, 21-ші ғасырдың нақты болмыс жағдайы мәннәтінінде проблемаларды анықтау, талдау және шешімін әзірлеу қабілеттерін дамытады. Түлектер зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес озық химиялық, физикалық, математикалық, есептеу (есеп және модельдеу) және зертханалық эксперименттік дағдыларды менгереді деп күтілуде. Олар сондай-ақ халықаралық зерттеу ортасымен танысады және ғылыми коммуникацияның күшті дағдыларын менгереді деп күтілуде. Бағдарлама ОПК тәжірибесі мен зертханалық ресурстарды пайдаланатындей етіп әзірленген.

Екі жылдық магистратура бағдарламасы НУ магистратура бағдарламаларының шенберіне сәйкес әзірленген.

4. Курстарға тіркелу қағидалары мен рәсімдері

7. Онлайн-тіркеу. Университет онлайн-тіркеу жүйесін пайдаланады. Студенттер тіркеу кезеңінің күндері туралы іс-шара басталғанға дейін электрондық пошта арқылы хабардар етіледі.

8. Курсқа тіркеле отырып, студенттер курстың барлық талаптарын, оның ішінде курстың оқытушысы таңдаған және жариялаған емтихан рәсімдерін сақтауға міндеттенеді.

9. Басымды тіркеу. Университет онлайн-тіркеуді басымдылық тәртіппен жүргізеді. Басымдық Мектепке, мамандыққа және/немесе оқу жылына берілуі мүмкін. Әр басымды топ үшін тіркеудің ашылу күні әр семестрді тіркеудің басталуы туралы хабарламада көрсетіледі.

10. Тіркеу уақыты. Студенттер курстарға тіркеу кезеңінің сонына дейін тіркелуге тиіс, әйтпесе олар университеттің ішкі қағидаларында көрсетілген рәсімдер мен стандарттарға сәйкес оқудан шығарылуға тиіс.

11. Курстарды қосу және алып тастау. Студенттерге тиісті кезеңдерде курсарды қосуға және алып тастауға рұқсат етіледі. Күндер академиялық күнтізбенде жарияланады. Студент курсарды алып тастау кезең ішінде курстан бас тартқанда, студенттің транскриптінде бастапқы курс туралы жазба болмайды.

12. Курstan бас тарту. Студент Академиялық күнтізбенде көрсетілген соңғы мерзім өткенге дейін курстан бас тарта алады. «W» әрпі транскрипtte курс тоқтатылғанда пайда болады. «W» үлгерімнің орташа балына (бұдан әрі – GPA) немесе үлгерімнің жалпы орташа балына (бұдан әрі – CGPA) әсер етпейді.

13. Күту тізімі. Студент тіркелуге тырысқан курс толық болғанда ол күту тізіміне енеді. Күту тізімінде студент кезекке қойылады. Курстағы орын қолжетімді болғанда, кезектегі бірінші студент курсқа тіркеліп, электрондық



пошта арқылы хабардар етіледі. Күту кезеңі аяқталысымен, студенттің соңғы қосылу мерзімі өткенге дейін балама курстарға тіркелуге уақыты болады.

5. Бағалау жүйесі

14. APPG-ге сәйкес, 1-кестеде келтірілген бағалаудың жалпы шкаласы университеттің барлық магистратура бағдарламаларында әріптік бағалау курсарына қолданылады:

1-кесте Магистранттың хатын бағалау		
Әріптік баға	Балдар	Түсіндірме
A	4,00	Үздік; тапсырмада немесе курста ең жоғары стандарттардан асып түседі
A-	3,67	Үздік; тапсырманы немесе курсты орындауға арналған ең жоғары стандарттарға сәйкес келеді
B+	3,33	Өте жақсы; тапсырманы немесе курсты орындауға арналған жоғары стандарттарға сәйкес келеді
B	3,00	Жақсы; тапсырмаға немесе курсқа арналған стандарттардың көпшілігіне сәйкес келеді
B-	2.67	Сәйкестіктен гөрі жоғары; материалды біршама менгеруін көрсетеді
C+	2.33	Қолайлы; тапсырмаға немесе курсқа арналған базалық стандарттарға сәйкес келеді
C	2.00	Қолайлы; тапсырмаға немесе курсқа арналған кейбір негізгі стандарттарға сәйкес келеді
C-	1.67	Қолайлы; сонымен бірге көбісінде негізгі стандарттарға сәйкес келмейді
F	0	Сәтсіздік; өте төмен көрсеткіш

Осындағанда бағалау үшін бекітілген бағдарламалар бойынша білім алатын студенттер үшін «Р» (өтті) немесе «F» (өтпеді) бағасы көрсетіледі.

«Өтті» деген балл студенттің GPA немесе CGPA есептеу кезінде пайдаланылмайды; «Өтпеді» деген балл GPA және CGPA есептеу мақсаттары үшін 0 балл беріледі. «Өтті» деген баға С немесе одан жоғары бағаға тең.

6. Академиялық үлгерім

15. Магистратура бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыру үшін студент әр семестрді аяқтағанда жақсы академиялық үлгерімге ие болуға тиіс:

- 1) әріптік баламада бағаланатын курсар үшін ең төменгі CGPA;
- 2) нақты бағдарлама және басқа академиялық кезеңдер бойынша зерттеулерді уақтылы аяқтау.



16. Осы магистратура бағдарламалары бойынша жақсы үлгерім үшін ең төменгі CGPA 2,67-ні құрайды.

17. Әрбір академиялық кезең аяқталғанда жақсы үлгерім үшін бағдарламаға тән шарттарды қанағаттандырмайтын студент автоматты түрде академиялық сынақ мерзіміне ауыстырылады.

18. Академиялық сынақ мерзімінен өтіп, келесі академиялық кезең аяқталғанда жақсы үлгерім үшін бағдарламаға тән шарттарды қанағаттандырмайтын студент оқудан шығарылуға тиіс.

19. «IPU» бағасын алған академиялық үлгерімі жақсы студент академиялық сынақ мерзіміне ауыстырылады және байқаушы комитет бастамашылық жасаған және бағдарлама директоры макұлдаған академиялық араласуға/жоспарға ие болады; «IPU» бағасын алған академиялық сынақ мерзіміндегі студент оқудан шығарылуға тиіс.

20. Диссертациялық зерттеу – бұл әрбір құзғі семестр, көктемгі семестр және жазғы семестр аяқталғанға дейін «қанағаттанарлық орындалуда» немесе «қанағаттанарлықсыз орындалуда» деп бағаланатын үздіксіз процесс. «Қанағаттанарлықсыз орындалуда» деген екі дәйекті қанағаттанарлықсыз бағалар студентті бағдарламадан шығаруға әкелуі мүмкін.

Егер диссертацияның жоспары және оны қорғау немесе диссертация және оны қорғау қатемен, едәуір түзетумен немесе елеулі емес түзетумен бағаланса, студентке осы кезеңнен өтүге екінші мүмкіндік ұсынылады. Бірнеше рет көлемді немесе елеулі емес редакциялауға жол берілмейді. Диссертацияның жоспарын немесе диссертацияның өзін екінші рет тапсыра алмау студенттің бағдарламадан шығарылуына әкелуі мүмкін.

7. Бітіруге қойылатын талаптар

21. «Физика саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын қанағаттанарлық аяқтау үшін ECTS 120 кредиті қажет және студент әрқайсысы негізгі бағалау балымен сипатталатын бірнеше жекелеген кезеңдерден өтүге тиіс. Қажетті кезеңдер төменде келтірілген:

- 1) талаптарды қанағаттандыратын бағдарламаға өтініш;
- 2) бағдарламасы бойынша барлық қажетті оку жұмыстарын орындау;
- 3) зерттеу жұмысының жоспарын аяқтау;
- 4) магистрлік диссертация жазу;
- 5) негізгі ғылыми жетекшінің және тәуелсіз сарапшының магистрлік диссертация туралы есептері;
- 6) магистрлік диссертацияны көпшілік алдында таныстыру.

Жоғары бағаға үміттенетін магистрлік диссертация рецензияланатын журналдарда жариялау үшін ықтимал қолжетімді техникалық нәтижелерді беруі тиіс.

22. «Қолданбалы математика саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын қанағаттанарлық аяқтау үшін ECTS 120 кредиті қажет және



студент әрқайсысы негізгі бағалау балымен сипатталатын бірқатар жеке кезеңдерден өтуге тиіс. Қажетті кезеңдер төменде келтірілген:

- 1) талаптарды қанағаттандыратын бағдарламаға өтініш;
- 2) бағдарламасы бойынша барлық қажетті оқу жұмыстарын орындау;
- 3) зерттеу жұмысының жоспарын аяқтау;
- 4) магистрлік диссертация жазу;
- 5) негізгі ғылыми жетекшінің және тәуелсіз сарапшының магистрлік диссертация туралы есептері;
- 6) магистрлік диссертацияны көпшілік алдында қорғау.

Магистрлік диссертацияда, кем дегенде, конференция құжаты ретінде жариялануға лайықты жеткілікті шығармашылық және/немесе жаңалығы бар зерттеулер болуы тиіс. Соңғы бекіту диплом алу үшін шарт ретінде жариялануға құқық бермейді; жарияланым магистратура бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағанға дейін немесе аяқтағаннан кейін де жүргізуі мүмкін.

Дәреже алу үшін студенттер:

- 1) әр курстан сәтті өтуге;
- 2) бағдарламада олардың үшінші семестрінің соңына дейін зерттеу жұмысының жоспарын ұсынуға және оның мақұлдауын алуға; және
- 3) өзінің зерттеуін, диссертациясын және ауызша презентациясын диссертациялық комитетте төртінші семестрдің соңына дейін аяқтауға тиіс.

23. «Биология ғылымдары және технологиялар саласындағы ғылым магистрі» дәрежесін алу үшін студенттер:

- 1) үш семестр ішінде пәннің кез келген сәтсіз негізгі курстарын қайта тапсыруды қоса алғанда, курстық жұмысқа (90 ECTS) қойылатын талаптарды орындауға;
- 2) зерттеу жұмысының жоспарын ұсынуға, оны ауызша ұсынуға және бағдарламаның үшінші семестрінің соңына дейін оның мақұлдауын алуға;
- 3) зерттеу диссертациясын (30 ECTS) толтырып, диссертациялық комитетке жіберуге және төртінші семестрдің соңына дейін диссертацияны қорғауға тиіс.

Оқу жұмысын үш семестрге дейін ұзарту және төрт семестрден кейін қабылдау мерзімін ұзарту департаменттің, ЖӘГФМ және НУ жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар комитетінің мақұлдауын талап етеді.

24. «Химия саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасы кемінде 120 ECTS-тің, оның ішінде міндettі және элективті курсардың 90 ECTS-інің және консультативтік комитет мақұлдауы тиіс диссертациямен зерттеу жұмысының кемінде 30 ECTS-тің болуын талап етеді.

Нақты талаптар мынадай:

- 1) бағдарламаға қажетті барлық негізгі және элективті курсардан өту;
- 2) комитет талап ететін жыл сайынғы есепті тапсыру;
- 3) магистрлік диссертацияны аяқтау;
- 4) диссертацияны көпшілік алдында қорғау болып табылады.

Дәреже алу үшін студенттер:



- 1) әрбір курста қанағаттанарлық баға алуға;
- 2) үш семестр ішінде кез келген сәтсіз негізгі курстарды қайта тапсыруды қоса алғанда, оқу жұмысына қойылатын талаптарды орындауға;
- 3) зерттеу жұмысының жоспарын ұсынуға және оны бағдарламаның үшінші семестрінің сонына дейін бекітуге;
- 4) зерттеу диссертациясын, сондай-ақ ауызша презентацияны аяқтауға және диссертациялық комитетке ұсынуға және төртінші семестрдің сонына дейін диссертацияны қорғауға тиіс.

Оқу жұмысын үш семестрге дейін ұзарту және төрт семестрден кейін қабылдау мерзімін ұзарту департаменттің, ЖӘГФМ және НУ жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар комитетінің мақұлдауын талап етеді.

25. Диссертациялық жұмыс ашық немесе жабық қолжетімді файлдың форматына қатысты кітапхана қағидаларына сәйкес НУ Кітапханасының қоймасында сақтауға тапсырылуы тиіс.

8. Аппеляция рәсімі

26. APPG-ге сәйкес магистратура бағдарламасының барлық студенттері олардың пікірінше қате болып саналатын кез келген бағаға шағымдануға құқылы. Қате мына критерийлердің біріне негізделуі тиіс:

- 1) есептеудегі қате;
- 2) курс бағдарламасында ұсынылған сыныпты бағалау саясатын қолданудағы қате;
- 3) деректер базасына бағаны дұрыс енгізбеу;
- 4) бағалаудың «I» белгісі;

27. Апелляция процесі

1) Студент алдымен келіспеген бағасын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде курстың оқытушысымен кеңесуге тиіс.

2) Курс оқытушысының 3 (үш) жұмыс күні бар, оның ішінде ол мәселені шешіп, егер қажет болса, бағаны өзгерту туралы өтініш жасауға немесе сұраныстан бас тартуға тиіс.

3) Егер студент әлі де қанағаттанбаса, ол курстың оқытушысынан бастаптын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті оқу орнының Деканына немесе Вице-деканына өтініш жасай алады.

4) Декан немесе Вице-декан қандай да бір шешім қабылдамас бұрын оқытушымен кеңесуге тиіс; Деканның немесе Вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

28. Курстың қорытынды бағасының аппеляциясы.

1) Студент MyRegistrar жүйесінде бағалар жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Анықтамалықта көрсетілгендей, алдымен курстың оқытушысымен немесе бағдарламаның директорымен кеңесуге тиіс. Курстың қорытынды бағасына шағымдану уақытын есептеу үшін пайдаланылатын күн – бұл студенттерге Академиялық күнтізбеде жарияланған бағалар қойылатын күн.



2) Курстың оқытушысы/бағдарламаның директоры студентке келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап беруге тиіс. Егер курстың оқытушысы/бағдарламаның директоры студенттің қорытынды бағасын алғаннан кейінгі кезеңде қолжетімді болмаса, бұл уақытты Вице-декан ұзарта алады.

3) Егер студент әлі де баға дұрыс қойылмаған деп санаса немесе курстың оқытушысы/бағдарламаның директоры жауап бермесе, ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде немесе одан 3 (үш) күнтізбелік күннен кейін тиісті мектептің Деканына немесе Вице-деканына шағымдана алады.

4) Декан немесе Вице-декан қандай да бір шешім қабылдамас бұрын курстың оқытушысымен кеңесуге тиіс. Егер Декан немесе Вице-декан аппеляцияға беруге шешім қабылдаса, ол осы Офис ұсынған нысандарды пайдалана отырып, тікелей Офиске жаңа баға туралы хабарлайды.

5) Деканның немесе Вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

9. Студенттердің орынсыз мінез-құлқы

29. Орынсыз мінез-құлқы студенттің академиялық немесе академиялық емес теріс қылыштарына (қолайсыз немесе орынсыз мінез-құлқына) жатады.

30. Академиялық теріс қылыштардың мысалына плалият, алаяқтық, құжаттарды қолдан жасау және басқа да адал емес әрекеттер жатады:

1) Плалият – бұл біреудің жұмысын әдейі немесе бейберекет өзінікі ретінде ұсыну. Бұған басқа адам толығымен немесе ішінара жасаған жұмысты студенттің тұпнұсқа жұмысы болады деген үмітпен тапсырманы жіберу жатады. Бұған дереккөздерін әдеттегідей және тиісінше растаусыз, басқа адамның жұмысын, идеяларын, ұсынымдарын немесе сөздерін ұсыну да жатады.

2) Алаяқтық академиялық тапсырмадағы алдау немесе адал еместік, не болмаса материалдарды пайдалану немесе пайдалануға тырысу, немесе басқаларға академиялық тапсырма мәннәтінінде тыйым салынған материалдарды пайдалануға көмектесу ретінде айқындалады.

3) Құжаттарды қолдан жасау студент қандай да бір себептермен жалған өтінішті, медициналық немесе кез келген басқа да ресми нысанды ұсынған кезде пайда болады.

Академиялық теріс қылыш актілері Университеттің студенттердің мінез-құлқы кодексінде және тәртіптік рәсімдерінде сипатталғандай санкциялар салуға әкеп соғуы мүмкін.

31. Академиялық емес теріс қылыштар қылмыстық әрекеттен бастап Университет мәннәтіні үшін тән қылмыстарға дейін кез келген нәрсені қамтуы мүмкін. Академиялық теріс қылыш актілері Университеттің студенттердің мінез-құлқы кодексінде және тәртіптік рәсімдерінде сипатталғандай санкцияларға әкеп соғуы мүмкін.

10. Сабакқа қатысу және қатыспау саясаты



32. Студенттер Университетте олар тіркелген курстардағы барлық сабактарға қатысады деп күтілуде.

33. Студенттер семестрдің басында қатысып, семестр аяқталғанға дейін (бітіру емтихандарын қоса алғанда) қалуға міндettі.

34. Семестрдің бірінші аптасы бойы сабакқа қатыспайтын студенттер сыныптан шығарылуы мүмкін.

35. Егер қатысу ережелерін бұзу орын алса, ОПҚ бағаларды төмендетуге немесе курстан шығаруға/кетуге бастамашылық жасауға құқылы. Оқу бағдарламасында сипатталғандай, рұқсат етілген қатыспаулардың ең көп мөлшерінен асырған студенттерге айыппұл салынуы немесе сынып үшін қанағаттанарлықсыз баға берілуі мүмкін.

36. Семестрдің басында әрбір оқытушы студенттерді курсың құжаттамасында сабакқа қатысу саясаты, оның оқу мүмкіндіктеріне және олардың ықтимал бағасына әсері туралы хабардар етуге жауапты болады.

37. Тек оқытушы ғана студенттің сабакқа қатыспау туралы өтінішін мақұлдай алады. Бұл мәселе бойынша дау туындаған жағдайда, ол туралы Мектептің Вице-деканына хабарлау қажет. Вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

11. Сабактардағы мінез-құлық нормалары

38. НУ студенттерді оқыту тәжірибесін қолдауға ықпал ететін жағдай жасаудың маңыздылығына сенеді. Осы мақсатта оқу процесіне теріс әсер етуі мүмкін аландаушылық факторларын азайтуға мүмкіндік беретін қағидалар мен саясатты әзірленген болатын. Мұндай қағидалар мен саясат электрондық құрылғыларды (мысалы, ұялы телефондар, ноутбуқтер) пайдалануды реттейді және тиісті әрі кәсіби мінез-құлық нормаларын күштейтеді. Сабакта мінез-құлық нормаларын сақтамау процесте сабактан/сессиядан шығаруға әкелуі және сабакқа келмеу ретінде қарастырылуы мүмкін. Қонақ дәрістерін қоса алғанда, Мектептің барлық сабактарына арналған аудиториялық нормалар мыналарды қамтиды:

- 1) егер оқытушы рұқсат етпесе, ұялы телефондарды, портативті компьютерлерді және электрондық құрылғыларды пайдалануға болмайды;
- 2) оқу үшін жауапкершілікті өз мойнына алу – сіздің және басқалардың;
- 3) басқаларға құрмет білдіру және қамқорлық жасау;
- 4) сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету;
- 5) уақытында келіп, сабакқа дайын болу;
- 6) сабак уақытында белсенді қатысу және өз үлесін қосу.

12. Оқудан шығару, ерікті түрде оқудан шығару және академиялық демалыс

39. Оқудан шығару, ерікті түрде оқудан шығару және академиялық демалыс беру «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының



студенттеріне арналған академиялық демалыс беру, оқудан шығару және ерікті түрде оқудан шығару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Студент ерікті түрде оқудан шығаруға және академиялық демалысқа MyRegistrar жүйесі арқылы электронды түрде өтініш береді.

13. Студенттерді қолдау

41. Бағдарламаның басында магистратура бағдарламасының студенттері таныстыру сессиясына және бағдарламаның Директорымен жеке кездесулерге жазылады. Бірінші семестрдің сонында бағдарламаның Директоры магистратура бағдарламасының студенттеріне өздері тандаған қызмет саласы бойынша кеңес береді. Екінші семестрде оларға диссертацияныңғылыми жетекшісі тағайындалады, ол барлық академиялық мәселелер бойынша олардың негізгі байланыстағы тұлғасы болады.

НУ студенттері Сауықтыру орталығының, Мансап және консультация беру орталығының, Студенттермен жұмыс жүргізу департаментінің, Кітапхананың, ЖӘГФМ Жазу орталығының қызметтеріне қол жеткізе алады.

14. Қорытынды ережелер

42. Мектеп қажет болған жағдайда:

- 1) Анықтамалықтың мазмұнын қайта қарау және саясатты, бағдарламаларды, талаптарды, қағидаларды, ережелерді, рәсімдерді, құнтізбелерді және басқа да ішкі құжаттарды өзгерту;
- 2) қабылдау және тіркеу критерийлерін белгілеу және / немесе өзгерту;
- 3) курстарды немесе бағдарламаларды, олардың мазмұны мен алғышарттарын жою немесе өзгерту;
- 4) тіркеуді шектеу және оған тыйым салу;
- 5) сабактың уақытын, орнын немесе штат кестесін жою, бөлу немесе өзгерту; немесе
- 6) оқу процесіне әсер ететін кез келген басқа қажетті өзгерістерді енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өзгерістер жоғарыда аталған салалардың кез келгеніне енгізілгенде және студенттердің мүдделерін қозғаса, олар НУ электрондық поштасы арқылы хабардар етілуге тиіс.



Назарбаев Университеті
Жаратылыстану,
әлеуметтік және
гуманитарлық ғылымдар
мектебінің
«Ғылым магистрі»
бағдарламаларының
студенттеріне арналған
анықтамалыққа
1-қосымша

Физика саласындағы ғылым магистрі: Оқу бағдарламасының мысалы

1-жыл: 1-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	PHYS 505 – Классикалық механика	ЖӘГFM	6
	PHYS 515 – Классикалық электр динамикасы	ЖӘГFM	6
	PHYS 591 – Зерттеу әдістері	ЖӘГFM	6
Элективті курс	5XX/ 6XX	Барлығы	6
	5XX/ 6XX	Барлығы	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: 2-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	PHYS 510 – Кванттық механика	ЖӘГFM	6
	PHYS 520 – Статистикалық физика	ЖӘГFM	6
	WCS 501 – Ғылыми коммуникация	ЖӘГFM	6
	PHYS 600 – Диссертациялық зерттеулер	ЖӘГFM	0
Элективті курс	5XX/ 6XX	Барлығы	6
	5XX/ 6XX	Барлығы	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: Жазғы семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	PHYS 600 - Диссертациялық зерттеулер	ЖӘГFM	0
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			0

2-жыл: 3-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	PHYS 600 - Диссертациялық зерттеулер	ЖӘГFM	0
Элективті курс	5XX/ 6XX	Барлығы	6
	5XX/ 6XX	Барлығы	6
	5XX/ 6XX	Барлығы	6



СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:	18
---------------------------------------	-----------

2-жыл: 4-семестр		Mектеп	ECTS кредиттер
Курс			
Негізгі бағдарлама	PHYS 692 – Диссертация	ЖӘГФМ	42
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			42
ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ:			120

Бағдарламаны оқыту нәтижелері

«Физика саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін студенттер:

1. Зерттеуді мамандандырылған, сол сияқты кең аудиторияға ұсына алады.
2. Өзінің білім саласындағы зерттеу жобаларын орындаі алады, ықтимал ғылыми жарияланымдар жасай алады, конференцияларда плакаттар және/немесе ауызша презентациялар ұсына алады, зерттеу нәтижелері туралы келісілген есептер дайындаі алады.
3. Эксперименттік және теориялық физика негіздері бойынша терең түсініктерін көрсетіп, семинар курсарын табысты аяқтай алады.
4. Өзінің білім саласындағы заманауи зерттеу әдебиетін іздейді, ашып және игере алады, диссертациялық жұмыс жоспарына тиісті әдебиеттерді қоса алады.
5. Зерттеу зертханасында эксперименттерді табысты жүргізу үшін зерттеу әдіснамасын қолдана алады немесе физика саласындағы шешілмеген проблемаларға байланысты теориялық мәселенің талдамалық және/немесе сандық шешімдерін жүзеге асыраалады.
6. Зерттеу семинарының сәтті презентациясы және / немесе диссертациялық жұмыс жоспарын жазу арқылы зерттеу процесінің түстарымен және кезеңдерімен таныс екендігін көрсете алады.
7. Физикалық тұжырымдамалар мен заманауи технологиялар арасындағы байланысты бағалап, сараптау аудиториясымен сауатты қарым-қатынас жасай алады.
8. Жоғары оқу орындарында оқуға ерекше екпін бере отырып, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін пайдаланып, ғылыми тұжырымдамалар мен зерттеу нәтижелерін түсіндіру қабілетін көрсете алады.



Назарбаев Университеті
Жаратылыстану,
әлеуметтік және
гуманитарлық ғылымдар
мектебінің
«Ғылым магистрі»
бағдарламаларының
студенттеріне арналған
анықтамалыққа
2-қосымша

**Қолданбалы математика саласындағы ғылым магистрі:
Оқу бағдарламасының мысалы**

1-жыл: 1-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	MATH 510 – Өлшем теориясы және қосымшалар	ЖӘГFM	6
	MATH 519 – Ғылыми есептеулер	ЖӘГFM	6
	MATH 540 – Статистикалық оқыту	ЖӘГFM	6
	MATH 592 – Зерттеу семинары	ЖӘГFM	6
Элективті курс	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: 2-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
	WCS 501 – Ғылыми коммуникация	ЖӘГFM	6
	MATH 691 – Диссертациялық жұмыстың жоспары	ЖӘГFM	6
Элективті курс	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: Жазғы семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	MATH 599 – Диссертацияға дайындық	ЖӘГFM	0
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			0

2-жыл: 3-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Элективті курс	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	MATH 5XX/6XX	ЖӘГFM	6



	МАТН 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

2-жыл: 4-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	МАТН 692 - Тезис	ЖӘГFM	30
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30
ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ:			120

Бағдарламаны оқыту нәтижелері

«Қолданбалы математика саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін студенттер:

1. Ғылыми есептеу, статистикалық талдау және деректерді зияткерлік талдау, сондай-ақ синергетикалық құрылымдағы бағдарламалық қамтамасыз ету негіздері туралы озық білімді көрсете білуге.
2. өзінің зерттеу саласындағы заманауи зерттеу әдебиеттерін терең түсінуін көрсете білуге.
3. Математиканы нақты қосымшаларда қолдана білуге.
4. Зерттеу жобасын әзірлеуге қатысуға және бастамашылық етуге.
5. Ғылыми, инженерлік, мемлекеттік және коммерциялық қосымшалар үшін модельдеу және есептеу талаптарын пайдалана білуге.
6. Нақты парадигмалар мен арнайы талдамалық әдістемелерді таңдап, таңдауды негіздей білуге.
7. Жоғары оку орындарында оқуға ерекше екпін бере отырып, әртүрлі коммуникация тәсілдерін пайдалана отырып, ғылыми тұжырымдамалар мен зерттеу нәтижелерін түсіндіру қабілетін көрсете білуге тиіс.



Назарбаев Университеті
Жаратылыстану,
әлеуметтік және
гуманитарлық ғылымдар
мектебінің
«Ғылым магистрі»
бағдарламаларының
студенттеріне арналған
анықтамалықта
3-қосымша

**Ғылымдары және технологиялар саласындағы ғылым магистрі:
Оқу бағдарламасының мысалы**

1-жыл: 1-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	BIOL 520 – Өмір туралы ғылымдағы статистикалық әдістер	ЖӘГФМ	6
	BIOL 550 – Денсаулық және ауру жағдайындағы құрылымдық және молекулалық биология	ЖӘГФМ	6
	BIOL 560 – Прокариоттардың молекулалық биологиясы	ЖӘГФМ	6
	BIOL 592 – Ғылыми-зерттеу семинары	ЖӘГФМ	6
	BIOL 599 – Магистрлік диссертацияға зерттеулер	ЖӘГФМ	0
	WCS 501 – Ғылыми коммуникация	ЖӘГФМ	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: 2-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	BIOL 570 – Озық биотехнологиялар / BIOL 580 – Қолданбалы биоинформатика / BIOL 591 – Жасуша биофизикасы	ЖӘГФМ	6
	BIOL 570 – Озық биотехнологиялар / BIOL 580 – Қолданбалы биоинформатика / BIOL 591 – Жасуша биофизикасы	ЖӘГФМ	6
	BIOL 590 – Өмір туралы ғылымдардағы зерттеулерді талдау	ЖӘГФМ	6
	BIOL 502 – Зерттеу әдістері	ЖӘГФМ	6
	BIOL 599 Магистрлік диссертацияға зерттеулер	ЖӘГФМ	0
Элективті курс	BIOL 5XX/6XX	ЖӘГФМ	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: Жазғы семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	BIOL 599 – Магистрлік диссертацияға зерттеулер	ЖӘГФМ	0



СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:	0
---------------------------------------	----------

2-жыл: 3-семестр		Mектеп	ECTS кредиттер
Курс			
Негізгі бағдарлама	BIOL 599 – Магистрлік диссертацияға зерттеулер BIOL 691 – Магистрлік диссертацияның ғылыми зерттеулерін жоспарлау	ЖӘГФМ	0 6
Элективті курс	BIOL 5XX/6XX BIOL 5XX/6XX BIOL 5XX/6XX BIOL 5XX/6XX	ЖӘГФМ	6 6 6 6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

2-жыл: 4-семестр		Mектеп	ECTS кредиттер
Курс			
Негізгі бағдарлама	BIOL 692 – Магистрлік диссертация	ЖӘГФМ	30
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:	30		
ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ:	120		

*Магистрлік диссертация тиісті магистрлік диссертация курсаралының құжаттарында жазылған формат бойынша ұсынымдарға сәйкес келуі тиіс.

Биология департаментінің элективті курсаралының тізімі:

- 1) BIOL 623 Иммунология: тереңдетілген курс (6 ECTS);
- 2) BIOL 630 Нейробиология бойынша жетілдірілген курс (6 ECTS);
- 3) BIOL 631 Синтетикалық биология (6 ECTS);
- 4) BIOL 632 Дәрі-дәрмектерді ойладап табу және дамыту (6 ECTS);
- 5) BIOL 633 Экологиялық жүйелер және Экологиялық токсикология (6 ECTS);
- 6) BIOL 634 Тереңдетілген онкобиология курсы (6 ECTS);
- 7) BIOL 635 Өмір туралы ғылымдар саласындағы өзекті тақырыптар (6 ECTS);
- 8) BIOL 637 Заманауи микроскопия негіздері (6 ECTS);
- 9) БИОЛ 675 Регенеративті медицина (6 ECTS).

Бағдарламаны оқыту нәтижелері

«Биология ғылымдары және технологиялар саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін студенттер:

1. Зерттеуді мамандандырылған, сол сияқты кең аудиторияға ұсынуды білуге.
2. Этикалық және кәсіптік стандарттарға сәйкес өзінің білім саласындағы ғылыми жобаларды орындауға, ықтимал ғылыми жарияланымдар жасай білуге, конференцияларда плакаттар және/немесе ауызша презентациялар жасай білуге, зерттеу нәтижелері туралы келісілген есептер дайындаі білуге;
3. Озық биология ғылымдары мен технологиялар негіздерін сыни талдауға және түсіндіруге, озық биология ғылымдары мен технологиялар тұжырымдамаларын талдауғажәне түсінуге тиіс;



4. Биология ғылымдары саласындағы заманауи зерттеу әдебиеттерін сынни талдап, бағалай білуге;
5. Зерттеу зертханасында эксперименттерді табысты жүргізу үшін зерттеу әдіснамасын қолдануға немесе биологиялық зерттеулердің шешілмеген проблемаларымен байланысты деректерге немесе теориялық мәселелерге негізделген талдамалық, статистикалық және/немесе сандық шешімдерді қолдануға;
6. Зерттеу семинарының сәтті презентациясы және/немесе диссертациялық жұмыс жоспарын жазу арқылы зерттеу процесінің кезеңдерімен таныс екенін көрсетуге;
7. Биологиялық тұжырымдамаларды өзгерте білуге және заманауи технологиялар саласындағы және бұл инновацияны қалай ынталандыратынының маңызды практикалық дағдыларын алуға;
8. Сараптамалық және кәсіби емес аудиториямен қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып, ғылыми тұжырымдамалар мен зерттеу нәтижелерін түсіндіру қабілетін көрсете білуге тиіс.



DIRECTUM-27926-3156613

Назарбаев Университеті
Жаратылыстану,
әлеуметтік және
гуманитарлық ғылымдар
мектебінің
«Ғылым магистрі»
бағдарламаларының
студенттеріне арналған
анықтамалыққа
4- қосымша

Химия саласындағы ғылым магистрі: Оқу бағдарламасының мысалы

1-жыл: 1-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	CHEM 510 – Физикалық химияның қағидаттары	ЖӘГФМ	6
	CHEM 520 – Қолданбалы талдамалық химия	ЖӘГФМ	6
	CHEM 530 – Бейорганикалық құрылымдар және реакция механизмдері	ЖӘГФМ	6
	CHEM 591 – Химиядағы ғылыми әдістер	ЖӘГФМ	6
	WCS 501 - Ғылыми коммуникация	ЖӘГФМ	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

1-жыл: 2-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	CHEM 540 – Органикалық реакциялар және механизмдер	ЖӘГФМ	6
	CHEM 592 – Химия бойынша семинар	ЖӘГФМ	6
	CHEM 550 – Химия бойынша таңдалған тақырыптар	ЖӘГФМ	6
	CHEM 560 – Химия бойынша бағытталған зерттеулер	ЖӘГФМ	0
Элективті курс	CHEM 5XX	ЖӘГФМ	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			24

1-жыл: Жазғы семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	CHEM 560 – Химия бойынша бағытталған зерттеулер	ЖӘГФМ	0
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			0

2-жыл: 3-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	CHEM 691 – Магистрлік диссертацияның тақырыбы	ЖӘГФМ	6
Элективті	CHEM 5XX/6XX	ЖӘГФМ	6



курс	CHEM 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	CHEM 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
	CHEM 5XX/6XX	ЖӘГFM	6
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			30

2-жыл: 4-семестр			
Курс		Мектеп	ECTS кредиттер
Негізгі бағдарлама	CHEM 692 – Химия бойынша магистрлік диссертация	ЖӘГFM	36
СЕМЕСТРДІҢ АРАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:			36
ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ:			120

Химия департаментінің әлективті курсарының тізімі:

Физикалық химия

- 1) CHEM 511 Теориялық химия;
- 2) CHEM 512 Материалдардың физикалық химиясы;
- 3) CHEM 513 Астрохимия;
- 4) CHEM 514 Биофизикалық химия.

Талдамалық химия

- 1) CHEM 521 Биоталдамалық химия;
- 2) CHEM 522 Қоршаған ортаның талдамалық химиясы;
- 3) CHEM 523 Спектроскопия және микроскопия көмегімен бетті талдау және сипаттау.

Бейорганикалық химия

- 1) CHEM 531 Нанохимия және функциялық наноматериалдар;
- 2) CHEM 532 Металлорганикалық химия;
- 3) CHEM 533 Тұрақты энергетикаға арналған катализ.

Органикалық химия

- 1) CHEM 541 Медициналық химия және дәрі-дәрмектерді әзірлеу;
- 2) CHEM 542 Жетілдірілген биохимия;
- 3) CHEM 543 Органикалық реакциялар және механизмдер.

Материалдардың химиясы

- 1) CHEM 515 Коллоидтар және беттік белсененді заттар туралы қолданбалы ғылым;
- 2) CHEM 518 Полимерлер туралы қолданбалы ғылым.



Бағдарламаны оқыту нәтижелері

«Химия саласындағы ғылым магистрі» бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін түлектер:

1. Зерттеу жобаларын өзірлең, орындай алады, өзінің білім саласында зерттеулер бойынша ұсыныстар дайындалап, ықтимал зерттеу жарияланымдарын жасай алады, зерттеулерді плакаттар және / немесе ауызша презентациялар арқылы мамандандырылған және неғұрлым кең аудиторияға ұсынып зерттеу нәтижелері туралы дәйекті есептер дайындај алады.
2. Эксперименттік және теориялық химия тұжырымдамалары туралы білімдерін көрсетіп, семинар курсарынан сәтті өте алады.
3. Өзінің білім саласында заманауи ғылыми әдебиеттерді іздейді, ашады және менгереді, диссертациялық жұмыс жоспарына тиісті әдебиеттерді қоса алады.
4. Зерттеу зертханасында эксперименттерді табысты жүргізу үшін зерттеу әдіснамасын қолданып немесе химия зерттеулерінің шешілмеген проблемаларына байланысты теориялық мәселенің аналитикалық және/немесе сандық шешімдерін жүзеге асыра алады.
5. Зерттеу семинарының сәтті презентациясы және/немесе диссертациялық жұмыс жоспарын жазу арқылы зерттеу процесінің кезеңдері мен сатылары туралы білімді пайдалана алады.
6. Жоғары білім беру саласында оқытуға ерекше екпін бере отырып, қарым- қатынастың әртүрлі нысандары арқылы ғылыми тұжырымдамалар мен зерттеу нәтижелерін түсіндіре алады.



 NAZARBAYEV UNIVERSITY	Автономная организация образования «Назарбаев Университет»		
	Орган утверждения:	Академический совет	
Справочник для студентов программ «Магистр наук» Школы естественных, социальных и гуманитарных наук Назарбаев Университета			
Дата утверждения:	03.11.2021	Дата вступления в силу	03.11.2021
Решение/Протокол №.:	№ 10		
Классификатор ВНД:	2.7.2 Справочник для студентов		
Инициатор:	Гонсало Хап Хортелано, исполняющий обязанности декана Школы естественных, социальных и гуманитарных наук		
Взаимосвязанные документы	1. Академические правила и процедуры для программ магистратуры автономной организации образования «Назарбаев Университет»; 2. Правила предоставления академического отпуска, принудительного отчисления и добровольного отчисления для студентов автономной организации образования «Назарбаев Университет». 3. Кодекс поведения студентов и дисциплинарные процедуры университета		



DIRECTUM-27926-3156612

Сокращения и определения

APPG – Академические правила и процедуры для программ магистратуры автономной организации образования «Назарбаев Университет»;

CGPA – общий средний балл успеваемости - расчет среднего значения всех оценок студента, влияющих на степень. CGPA рассчитывается путем деления суммы заработанных баллов на общее количество баллов, набранных за весь период обучения;

ECTS – Европейская система перевода и накопления кредитов - измеряет рабочую нагрузку студентов, необходимую для достижения результатов обучения по программе обучения;

GPA – средний балл успеваемости за один академический период рассчитывается путем деления суммы заработанных баллов на общее количество баллов, набранных за этот период;

Программа магистратуры – программа Магистр наук;

НУ/Университет – автономная организация образования «Назарбаев Университет»;

ШЕСГН/Школа – Школа естественных, социальных и гуманитарных наук Назарбаев Университета.



1. Введение

1. Справочник для студентов программ «Магистр наук» Школы естественных, социальных и гуманитарных наук Назарбаев Университета (далее – Справочник) предназначен для того, чтобы дать студентам представление об общих правилах и руководящих принципах посещения и получения образования в ШЕСГН. Справочник включает обзоры программ, систему оценок, школьные правила и процедуры, а также другие полезные сведения о программах «Магистр наук в области прикладной математики», «Магистр наук в области физики», «Магистр наук в области химии», и «Магистр наук в области биологических наук и технологий». Студенты должны внимательно ознакомиться со Справочником, поскольку его содержание является обязательным для всех студентов программы магистратуры в Школе.

2. Прием

2. Прием на программу магистр наук осуществляется в соответствии с соответствующими внутренними документами, регулирующими процедуры приема в НУ.

3. Обзор Программы

3. Программа «Магистр наук в области физики» предназначена для подготовки студентов в качестве компетентных физиков, которые продолжат либо обучение по программе докторанттуры для будущих академических назначений, либо перейдут к профессиональной карьере в промышленности в научно-исследовательских и опытно-конструкторских компаниях или государственном секторе в аналитических центрах, некоммерческих и правительственные организациях. Студенты получат глубокие и систематические знания законов физики, методов практики и разовьют способность выявлять и использовать эти законы в контексте реальных явлений и инженерных приложений, а также технологической экосистемы 21-го века, включая технологические инновации и предпринимательство. Ожидается, что выпускники приобретут продвинутые аналитические, математические, вычислительные или экспериментальные навыки, соответствующие предметам исследовательского проекта. Ожидается, что они также познакомятся с международной исследовательской средой и приобретут сильные навыки научной коммуникации. Программа разработана таким образом, чтобы использовать опыт ППС и лабораторные ресурсы.

